Өнім беруші: "Қармақшы Жастары" ЖҚБ
БСН/БИН: 050240014431

ШАҒЫМ!

"Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы" КММ-нің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырылған **№81902036-ГСЗ1** Конкурстың атауы **Жастар саясаты саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілген конкурстың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес, өлшемшарттарды дұрыс есептемеуіне байланысты комиссия мүшелерінің қорытынды хаттамасымен келіспейміз.

Осы ретте, қағиданың 4-тарау 6-параграф 78 тармағына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада **біліктілік талап** қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкерлердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасы болып табылады деп көрсетілген. Алайда, **техникалық ерекшелікте** жобаны жүзеге асыру үшін **біліктілік талап қойылмаған.** Бұл жерде **«QADAM QARMAQSHY» ҚБ, "Жалынды жастар" жастар қоғамдық бірлестігіне берілген 4 – балл заңсыз, аталған бірлестіктерге 2 – балл берілу керек**

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** Кодексінің 207-бабына сәйкес, шара қолданылсын және тиісті өлшемшарттармен бағалап, қорытынды хаттаманы қайта рәсімделуін талап етеміз. Бағалау әділетті, заңға сәйкес орындалмаған жағдайда, құзырлы органдарға қосымша жүгінетімізді хабарлаймыз.